

# **DEXP**

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

**Ұялы телефон**

**DEXP B321**

## **Құрметті сатып алушы!**

«DEXP» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Сапасына, функционалдығы мен дизайнына қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және дайындалған бүйімдарымызды ұсынуға қуаныштымыз. Телефонды пайдаланудан бұрын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, онда қауіпсіздігіңге қатысты маңызды ақпарат пен телефонды дұрыс пайдалану және оған күтім жасау туралы ұсыныстар берілген. Осы нұсқаулықты сақтап қойыңыз және телефонды әрі қарай пайдаланған кезде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

## **Құрылғының қолданылу мақсаты**

Ұялы телефон ұялы байланыс арқылы телефон қоңырауларын қабылдауға және шалуға және мәтіндік хабарларды қабылдауға және жіберуге арналған.

## Қауіпсіздік туралы ақпарат

Телефонды және оның барлық компоненттерін балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Телефонды сұйықтықтардан алыста құрғақ күйде сақтаңыз, әйтпесе қысқа түйікталу болуы немесе электр тақталары коррозияға ұшырауы мүмкін.

Телефонда шаңың, ластың, құмның, тамақ өнімерінің немесе басқа орынсыз материалдардың жиналудына жол берменіз.

Сұйық немесе аэрозольдік тазартқыш құралдарды пайдаланбаңыз. Телефонның сыртқы жағын тазалау қажет болса, шаңды кетіру үшін шашақсыз жұмсақ, құрғақ матаны ғана пайдаланыңыз.

Тазартқыш құралдарды пайдаланбаңыз (құрамында спирт бар, аэрозольдік, абразивтік және т.б.).

Телефонды қоршаған ортаның тиісті жағдайларында пайдаланыңыз. Оған тым төмен немесе тым жоғары температура әсер етпеуі керек (-10 °C мәнінен төмен және 45 °C мәнінен жоғары), әйтпесе батарея және телефонның пластик бөліктері зақымдалуы және электр тақталарының қызмет мерзімі қысқаруы мүмкін.

Құрылғыны бір ортадан екінші ортаға апарғанда, температуралардың және/немесе ылғалдықтардың үлкен айырмашылығы болса, телефонның бетінде немесе ішінде конденсат пайда болуы мүмкін. Құрылғының бұзылуына жол

бермеу үшін құрылғыны пайдаланудан бұрын ылғалдың кеткеніне көз жеткізіңіз.

Телефонды лақтырмашыз, әйтпесе ішкі электр схемасы немесе басқа дәлдігі жоғары компоненттер бұзылуы мүмкін.

### **Жол қозғалысы қауіпсіздігі**

Мобильді телефонды автомобильді жүргізу кезінде ешқашан пайдаланбаңыз. Қоңырау шалу үшін гарнитураны пайдаланыңыз.

### **Әуе кемесіндегі қауіпсіздік**

Әуе кемесінің бортында болғанда телефонды пайдаланбаңыз. Мобильді желінің сигналдары навигация жүйесіне кедергілер туғызуы мүмкін.

### **Қауіпті аймақтарда телефонды өшіру**

Жарылыс қаупі бар атмосфера бар жерлерде немесе оңай жанғыш заттар бар жерлерде (мысалы, жанарапай құю станцияларында, отын қоймаларында және химия зауыттарында) телефонды өшіріңіз.

### **Арнайы ережелерді сақтау**

Ауруханаларда және басқа қоғамдық орындарда телефонды пайдалану ережелерін сақтаңыз.

Телефонның медициналық жабдыққа (мысалы, есту аппараттарына) кедергі жасауы мүмкін екенине назар аударыңыз.

## **Қызмет көрсетеу**

Телефонды ешқашан өз бетіңізше бөлшектеуге немесе жөндеуге тырыспаңыз. Оны арнайы рүқсаты бар тұлға ғана орындауы тиіс. Бұл шарттың бұзылуы телефонды өндірушінің кепілдік міндеттемелерінің күшін жояды.

## **Басқа құрылғылармен байланыстыру**

Телефонды басқа құрылғыға қосудан бұрын нұсқаулықпен мұқият танысыңыз. Ешқашан телефонға жарамсыз жабдықты қоспаңыз.

## **Шұғыл қоңырау**

Шұғыл қоңырау үшін телефонның қосылғанына және қандай да бір оператордың әрекет аймағында болуына және қоңырау шалу функциясының қосылғанына көз жеткізіңіз. Әдеттегі телефон нөміріне қоңырау шалған сияқты әдіспен 112 шұғыл қоңырау нөмірін теріп, қоңырау түймесін басыңыз. Шұғыл қызмет маманына қайда екеніңізді және сізге не болғанын түсіндіріңіз.

# **Аккумулятор батареясымен (Li-pol/Li-ion) жұмыс істеу жөніндегі ұсыныстар**

## **Тұпнұсқалық зарядтау құрылғысын ғана пайдаланыңыз**

1. Зарядтаудан бұрын батареяны телефонға салыңыз.
2. Зарядтау құрылғысын телефонға қосыңыз.
3. Зарядтау құрылғысының ашасын розеткаға салыңыз.
4. Батарея заряды деңгейінің индикаторы батарея толығымен зарядталғанша жыпылықтайды.
5. Зарядтау кезінде әдетте батарея қызды, бұл қалыпты жағдай болып табылады.

**Назар аударыңыз:** зарядтау құрылғысы тиісті жалғағышта түрғанын тексеріңіз. Эйтпесе телефон зарядталмайды. Желідегі кернеу деңгейі мен қуат зарядтау құрылғысының номинал кернеуі мен қуатына сәйкес келетінін тексеріңіз. Батареяның заряды толығымен біткен болса, зарядтау индикаторы дисплейде біраз ұақыт өткеннен кейін көрінеді. Соナン соң телефонды пайдалануды бастай аласыз.


## **Температуралық режимді сақтаңыз**

Батареяларды зарядталған күйде +15°C және +35°C аралығындағы температурада сақтау керек.

## **Батареяның оңтайлы жұмыс істеуі үшін мына ережелерді сақтаңыз**

- Телефонның жеткізілім жынтығындағы батареяны ғана пайдаланыңыз. Батареяны басқа түрдегі аккумулятор батареясымен алмастыру, батареяны дұрыс орнатпау телефонның зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Батареяны шығарудан бұрын телефонды өшіріңіз.
- Батарея жаңа болса немесе ұзак мерзімде пайдаланылмаса, зарядтау процесі әдеттегіге қарағанда ұзағырақ үақытқа созылуы мүмкін. Батареяның кернеуі телефонды қосу үшін жеткіліксіз болса, батареяны ұзағырақ зарядтаңыз. Батареяның заряды толығымен біткен болса, зарядтау индикаторы дисплейде біраз үақыт өткеннен кейін көрінеді.
- Батареяны бөлме температурасында зарядтаңыз.
- Батареядан жағымсыз иіс шықса немесе ол қызып кетсе, зарядтауды дереу тоқтатыңыз.

## Құрылғы схемасы





1. Сөйлесу динамигі.
2. Экран.
3. Навигациялық түймелер және OK / Енгізу түймесі.
4. Сол жақ функционалдық түйме.
5. Оң жақ функционалдық түйме.
6. Қоңырау қабылдау түймесі.
7. Қоңырауды қабылдамау түймесі / қосу/өшіру түймесі.
8. Цифрлық пернетақта.
9. \* түймесі / экранды блоктап шығару.
10. # пернесі / профильдерді ауыстыру пернесі.
11. Құлаққапты қосу жалғағышы.

12. Микрофон.
13. Зарядтау құрылғысын қосуға және компьютермен синхрондауға арналған жалғағыш.
14. Камера.
15. Жарқыл/шам.
16. Динамик.

# Жұмысты бастау

## SIM картасын орнату



SIM картасын орнату үшін:


1. Қоңырауды қабылдамау/әрекетті аяқтау түймесін бірнеше секунд басып тұру арқылы телефонды өшіріңіз.
2. Телефонның артқы қақпағын ашыңыз.
3. Аккумулятор батареясын шығарып алыңыз.
4. Кесілген жиегі SIM картасы слотының тиісті жағына сәйкес келетіндей етіп, SIM картасын слотқа контактілерін төмен қаратып салыңыз.
5. Батареяны орнына салыңыз.
6. Артқы қақпақты мұқият жабыңыз.

**Назар аударыңыз!** Бұл құрылғы 2 мини SIM картасын қолдайды (суретті қараңыз). Үйлесімсіз SIM карталарын пайдалану картаның немесе құрылғының зақымдалуына және картада сақталған ақпараттың бүлінуіне әкелуі мүмкін.

## Жад картасын орнату

Жад картасы – телефонның ішінде орнатылатын ақпаратты сақтау құрылғысы. Бұл құрылғымен бірге тек үйлесімді **microSD** жад карталарын пайдаланыңыз. Басқа түрдегі жад карталары **microSD** жад картасының ұшырына сәйкес келмейді және бұл құрылғымен үйлесімсіз.

Жад картасын орнату үшін оны слотқа алтын түсті контактілерін төмен қаратып салыңыз. Жад картасын шығарып алу үшін оны слotttan abайлап тартып шығарыңыз.



## **Телефонды қосу/өшіру**

Телефонды қосу үшін қоңырауды қабылдамау/  
әрекетті аяқтау түймесін біраз басып тұрыңыз.  
Экранда қуат көзінің қосылу анимациясы көрінеді.  
Телефонды блоктау құпиясөзін енгізіңіз (қажет  
болса) және растау үшін OK түймесін басыңыз.  
PIN кодын енгізіңіз (қажет болса) және растау үшін  
OK түймесін басыңыз. PIN кодын желі операторы  
береді.

Телефонды өшіру үшін қоңырауды қабылдамау/  
әрекетті аяқтау түймесін басып тұрыңыз.

# **Мәзір**

## **Хабарлар**

- Қабылданған хабарлар **Входящие** (Кіріс) қалтасында сақталады.
- Берілмеген хабарлар **Исходящие** (Шығыс) қалтасында сақталады.
- Алдын ала сақталған, бірақ жіберілмеген хабарлар **Черновики** (Жоба жазбалар) қалтасында сақталады.

Жіберілген хабарларды сақтау функциясы параметрлерде қосылған болса,

**Отправленные** (Жіберілген) қалтасында жіберілген хабарлар болады.

Жіберілген хабарларды сақтау функциясын қосу/өшіру **Меню** (Мәзір) > **Сообщения** (Хабарлар) > **Настройки сообщений** (Хабарлар параметрлері) > **Сохранять отправленные сообщения** (Жіберілген хабарларды сақтау) арқылы реттеледі.

## **Контактілер**

Аттарды және телефон нөмірлерін (контактілерді) телефон жадында және SIM картасының жадында сақтауға болады.

Телефон жадында сақталған контактілерге бір контакт үшін екі нөмірді тағайындауға болады, сондай-ақ бұл контакт тиесілі топты таңдауға болады.

SIM картасының жадында бір телефон нөмірімен байланыстырып, аттарды сақтауға болады.

## **Контакт қосу**

Аттар мен телефон нөмірлері таңдалған жадта сақталады. Атты және телефон нөмірін сақтау үшін **Меню (Мәзір) > Контакты (Контактілер) > Добавить новый (Жаңасын қосу)** тармағын таңдаңыз.

## **Контактілерді жою**

Телефонның немесе SIM картасының жадынан контактілерді жою үшін жойылатын контактіні белгілеңіз, сонан кейін **Меню (Мәзір) > Контакты (Контактілер) > Опции (Опциялар) > Удалить (Жою)** тармағын таңдаңыз.

## **Жылдам теру**

Телефон нөмірін жылдам теру пернесіне тағайындау үшін **Меню (Мәзір) > Контакты (Контактілер) > Опции (Опциялар) > Настройки (Параметрлер) > Быстрый набор (Жылдам теру)** тармағын таңдаңыз. Жылдам теру функциясын қосыңыз және кез келген қолжетімді перне үшін контакт нөмірін жазыңыз.

## **Қоңыраулар параметрлері**

Меню (Мәзір) > Вызовы (Қоңыраулар) > Настройки вызовов (Қоңыраулар параметрлері) тармағын ашып, функциялардың біреуін таңдаңыз:

- **SIM1/2 > Ожидание вызова** (Қоңырауды күту) – екінші кіріс қоңырауды қабылдауға мүмкіндік беретін функцияны қосу/өшіру.
- **SIM1/2 > Переадресация вызовов** (Қоңыраулардың бағытын өзгерту) – әртүрлі жағдайларда кіріс қоңыраулардың бағытын өзгерту.
- **SIM1/2 > Блокирование вызовов** (Қоңырауларды блоктау) – әртүрлі жағдайларда кіріс және шығыс қоңырауларды блоктау.
- **Дополнительно (Қосымша) > Черный список** (Қара тізім) – нөмірлерді қараша және қара тізімге енгізу және Черный список (Қара тізім) функциясының жұмыс параметрлері.
- **Дополнительно (Қосымша) > Автозапись разговоров** (Сөйлесулерді автоматты түрде жазу) – телефон қоңырауларын автоматты түрде жазуды қосу. **Назар аударыңыз:** бұл функция жад картасы қосулы кезде ғана жұмыс істейді!

- **Дополнительно (Қосымша) > Автоповтор номера** (Нөмірді автоматты түрде қайталау) – нөмірге қоңырау шалу сәтсіз болғанда, телефон абонентпен қайта байланысу үшін бірнеше рет әрекет жасайды.
- **Дополнительно (Қосымша) > Напоминание о времени вызова** (Қоңырау уақыты туралы еске салу) – ағымдағы қоңыраудың ұзақтығы туралы жүйелі түрде еске салады.

## Телефон параметрлері

Меню (Мәзір) > Настройки (Параметрлер) > Телефон (Телефон) тармағын ашып, функциялардың біреуін таңдаңыз:

- **Активные SIM (Белсенді SIM) > В самолете (Ұшақта)** – телефонды радиобайланыстың барлық функциялары ажыратылатын Ұшу режиміне аудиостыру.
- **Время и дата (Уақыт және күн)** – уақытты, күнді және уақыт пен күн форматын өзгерту.
- **Время и дата (Уақыт және күн) > Часовой пояс (Сағаттық белдеу)** – басқа сағаттық белдеуге аудиосұнда сағаттық белдеуді бүкіләлемдік уақытқа (GMT) қатысты уақыт айырмашылығы түрінде таңдаңыз.
- **Время и дата (Уақыт және күн) > Обновить часовой пояс (Сағаттық белдеуді жаңарту)** – орнатылған сағаттық белдеуді ескеріп, уақытты жаңарту функциясын қосу/өшіру.
- **Язык (Тіл)** – мәзір тілін таңдау.
- **Клавиатура (Пернетақта)** – мәтіндік хабарларды енгізу тілінің форматын таңдау.
- **Экран (Экран) > Обои (Тұсқағаз)** – негізгі экранның тұсқағаздарын реттеу.
- **Экран (Экран) > Автоблок. клавиатуры (Пернетақтаны автоматты түрде блоктау)** – пернетақтаны блоктауға дейінгі уақытты реттеу.

- **Экран** (Экран) > **Подсветка** (Жарықтандыру) – экранның жарықтығын және жұмыс үақытын реттеу.
- **Клавиши быстрого доступа** (Жылдам қол жеткізу пернелері) – навигация пернелерінің функцияларын өзгерту.

## **Ықтимал проблемалар және олардың шешімдері**

Телефонның жұмысында ақауларды байқасаңыз, зауыттық параметрлерді қалпына келтіріңіз және мына кестеге қараңыз. Ақауды өз бетіңізше жоя алмасаңыз, өндірушіге немесе оның ресми өкіліне немесе желі операторына хабарласыңыз.

<b>Ақау</b>	<b>Себебі</b>	<b>Шешімі</b>
SIM картасының қатесі.	SIM картасы зақымдалған.	Желі операторына хабарласыңыз.
	SIM картасы дұрыс салынбаған.	SIM картасының орналасуын тексеріңіз.
	SIM картасының металл контактілері ластанған.	SIM картасының контактілерін тазалаңыз.
Желі сигналы әлсіз.	Сигнал блокталған. Радиотолқындарға жақын жердегі биік ғимарат кедергі жасайды немесе ғимараттың астыңғы қабатындасыз.	Сигналға кедергі болмайтын жерге өтіңіз.

	Қарбалас уақыттағы желідегі шамадан артық жүктеме.	Қарбалас уақытта телефонды пайдаланбауға тырысыңыз.
Телефон қосыл- майды.	Батареяның заряды жеткіліксіз.	Батареяны зарядтаңыз.
Коңырау шалу мүмкін емес.	Коңырауларға тыйым салу қосылған.	Коңырауларға тыйым салуды ажыратыңыз.
Телефон желіге қосыл- майды.	SIM картасында ақау бар.	Желі операторына хабарласыңыз.
	Телефон желінің әрекет аймағынан тыс.	Желінің әрекет аймағына өтіңіз.
	Желі сигналы әлсіз.	Жоғары сигналдың әрекет аймағына өтіңіз.
Батарея зарядтал- майды.	Зарядтау кернеуі зарядтау құрылғысында көрсетілген кернеуге сәйкес келмейді.	Зарядтау кернеуі зарядтау құрылғысында көрсетілген кернеуге сәйкес келуіне көз жеткізіңіз.

## **Техникалық сипаттамасы**

- Үлгісі: B321.
- Екі mini-SIM картасын қолдау.
- Қолданылатын жиіліктер диапазоны:  
GSM 850/900/1800/1900 МГц.
- Экран: 3.2" TN, 320x240.
- Телефон кітабы: 1000 контакт.
- Bluetooth 2.1.
- microSD жад карталарын қолдау.
- FM радиосы.
- Мәтіндік хабарлар.
- Аккумулятор батареясы: литий-ион,  
1800 мА·сағ.

## **Сақтау, тасымалдау, сату және утилизациялау ережелері мен шарттары**

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты түрде бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғы өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5°C және 40°C аралығында және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерде қаптамада сақталуы керек. Бөлмелерде коррозияға әкелетін агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы керек.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы керек.
- Құрылғыны ұқыпты пайдалану қажет, оны шаңның, ластанұдың, соққының, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғыда ақау пайда болса, дереу ресми қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны утилизациялаңыз.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералды немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өндеу және қайта өндеу үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау бекетіне қайта өндеуге жіберіледі.

Осы бүйімды дұрыс кжоюды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге және қоршаған ортаға және адамдардың, денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл бүйімды қабылдау және жою бекеттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.

## **Қосымша ақпарат**

**Өндіруші:** Брава Тэкнолоджи Ко., Лтд. № 1708,  
Юсун Коммершл Мэншн, Лүнхуа, Шэнъчжэнь қ.,  
Қытай.

Қытайда жасалған.

**Импортер / юр. лицо, принимающее претензии  
в Казахстане:**

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Султан,  
р-н Сарыарка, пр-т Сарыарка, зд. 12, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстанда шағымдарды  
қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS QAQAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС,  
Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа  
даңғылы, 12-ғимарат, Қазақстан.

Тауар "Электротехника және радиоэлектроника  
бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу  
туралы" 037/2016 ЕАӘО ТР Еуразиялық  
экономикалық одақ техникалық регламентінің  
талаптарына сәйкес келеді.

Құрылғының сыртқы көрінісі, оның сипаттамалары  
мен жиынтығы пайдалануышыға алдын ала  
ескертусіз өзгерілілуі мүмкін.

Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта  
келтірілгеннен ерекшеленуі мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: [dexp.club](http://dexp.club)

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының  
орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.



V.4

# **Кепілдік талоны**

**SN/IMEI:**

---

**Кепілдікке қойылған күні:**

---

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдары мен құрастырылуында ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алу сәтінен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдік бойынша қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдалану жағдайында кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінасінен емес істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру үәкілетті қызмет көрсету орталықтарының аумағында жүргізіледі.

## **Ұялы телефон**

Кепілдік мерзімі: 12 ай.  
Пайдалану мерзімі: 24 ай.

## **Жиынтықтағы аккумулятор батареясы және зарядтау құрылғысы**

Кепілдік мерзімі: 6 ай.  
Пайдалану мерзімі: 12 ай.

## **Жиынтықтағы басқа аксессуарлар**

Кепілдік мерзімі: 3 ай.  
Пайдалану мерзімі: 6 ай.

Қызмет көрсету орталықтарының соңғы тізімі мына мекенжай бойынша: <https://www.dns-shop.ru/service-center/>

**www.dexp.club**

## **DEXP қуат адаптері**

Қуат адаптері айнымалы тоқ желісінен түрлі құрылғыларды қуаттауға және зарядтауға арналған.

### **Сипаттамалары**

Үлгісі	Кіріс кернеуі (B)	Шығыс кернеуі (B)	Шығыс тоғызыңыц (A)
B1	100-240	5	2
B2		5	0,5
B3		5	0,7
B4		5	1,5
B5		5	1
B6		10	2
B7		10	1,5
B8		10	1
B9		9	2
B10		9	1,5
B11		9	1
B12		5	0,1
B13		5	0,2
B14		5	0,3
B15		5	0,4
B16		5	0,6
B17		5	0,8
B18		5	0,9

## **Сақтық шаралары**

Құрылғының конструкциясына ешқандай өзгерістер енгізбеніз.

Қысқа түйікталуды болдырмас үшін құрылғының кез-келген сұйықтықпен жанасуын болдырмаңыз, құрылғының жанына беті ашық ішінде сұйықтық бар ыдыстарды қоймаңыз.

Бұйымды электромагниттік сәулеленуге ұшыратпаңыз.

**Пайдалану, монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату шарттары мен ережелері**

- Құрылғы сақтық шараларын ескере отырып пайдаланылуы тиіс.
- Құрылғы ешқандай монтаждауды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғыны сақтау және тасымалдау құрғақ үй-жайдада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Қалдықтарды бақылаусыз шығару нәтижесінде қоршаған ортаға ықтимал зиян келтірудің алдын алу үшін құрылғыны кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда үәкілетті қызмет көрсету орталығына дереу хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.

## **Қосымша ақпарат**

**Өндіруші:** Нинхай Инцзяо Электрикал Ко., Лтд.

Цуйцзя, Сидянь, Нинхай, Нинбо қ., Чжэцзян пров., Қытай.

**Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:**

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Султан, р-н Сарыарка, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Султан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Қытайда жасалған.

Тауар Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- «Төмен волтты жабдықтың қауіпсіздігі туралы» КО ТР 004/2011;
- «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» КО ТР 020/2011.

Тауар Еуразиялық экономикалық одағының «Электротехника және радиоэлектроника бүйімдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» 037/2016 ЕАЭО ТР техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Кепілдік мерзімі: 6 ай.

Пайдалану мерзімі: 1 жыл.

Өндіріс күні негізгі құрылғыға арналған нұсқаулықта көрсетілген.

